

**«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру қызметтері бойынша
2018 жылғы есебі**

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополия туралы» заңының талаптарының бірі – мекемелер тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жыл сайын атқарған жұмыстары туралы есеп беруге тиіс. Осы талапты орындау мақсатында «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і 2019 жылдың 26 сәуір күні жылдық жұмысының есебін берді. Есеп беруге табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті басшылығы, қалалық әкімдіктің өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдар, үй және көше комитеттерінің төрағалары, мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 20 жылдан астам қызмет көрсету нарығында сәтті жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын. Мекеме Шымкент қаласының тұрғындары мен Сайрам ауданының бірқатар елді мекендерін тұрмыстық сумен қамтамасыз етеді, сондай-ақ сарқынды суларды тазарту және бұру бойынша қызметтерді жүзеге асырады.

Өндірісте және таратушы желілер арқылы сумен жабдықтау және ағынды суларды бұру қызметтерін ұсынуда үздіксіз келесі негізгі қорлар тартылды:

- су қабылдағыш құрылғылары;
- су құбырлары және су беру желілері;
- су есептегіш құрылғыларының паркі (жалпы үй, жалпы көше және тоқсандық құрылғылар, деректерді берудің қашықтық жүйесімен қоса);
- кәріздік жүйелер мен коллекторлар;
- қалалық тазарту құрылғылары;
- лайқаны өңдеу және биогаз негізінде электр энергиясын өңдеу цехы;
- тұтынушылар топтары: халық, мемлекеттік мекемелер, басқалар.

Цифрландыру жоспарына сәйкес абоненттермен электронды байланыс орнатылған: жеке тұлғалар бойынша 201703 тұтынушы, заңды тұлғалар бойынша 6649 абонентпен. Оның ішінде, **SMS-хабарламаларды тарату:** дебиторлық берешек, тексеру кезеңі, апаттық өшіру; **Веб-сайт:** кері байланыс, жаңалықтар, жеке кабинет; **WhatsApp:** сумен жабдықтау және суды бұру бойынша кез келген ақпарат (шағымдар, өтініштер); **e-mail:** төлем құжаттарын тарату, техникалық шарттарды алу; **бақылаушы-инспектор:** планшеттерді қолдану арқылы есепке алу құралдарынан көрсеткіштерді алу, мәліметтер автоматты түрде деректер базасына енеді), **көрсеткіштерді автоматтық режимде жіберу.**

Мекеменің барлық кірістері салық органдарында тіркелген төлемдерді есепке алудың фискалды құралдары арқылы түседі:

- жеке тұлғалар – «Энергопоток» кассалары және электронды терминалдар арқылы;

- заңды тұлғалар – екінші деңгейлі банктер, электрондық терминалдар арқылы.

Инвестициялық бағдарламаларды іске асырудың және орындалған жұмысқа қаражатты жұмсаудың ашықтығы тұтынушылармен, қоғамдық ұйымдармен, қалалық мәслихат депутаттарымен және бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады:

- өткен жылдағы кәсіпорын қызметі туралы қоғамдық тыңдау – жыл сайын;

- интернет-ресурстары бойынша тұрақты есептер – әр жартыжылдық сайын;

- баспасөз турларын өткізу – тоқсан сайын;

- республикалық және жергілікті телеарналар мен газеттерде қызмет көрсету бойынша мамандардың сөздері – компанияның медиа-жоспары бойынша;

- тұтынушылармен кездесулер – үнемі;

- веб-сайттың жұмыс істеуі, электронды айналым жүйелерінің жұмысы (электронды пошта, ватцап) – тұтынушылар сумен жабдықтау және кәріз жүйесіне қосылу үшін шот-фактуралар, техникалық шарттар алуға өтініш бере алады.

Мекеме бұқаралық ақпараттық құралдары арқылы қоғамдастықпен тығыз байланыста. Медиа-жоспар бойынша республикалық, облыстық және қалалық газеттерде


100 астам ұйым жұмысы туралы мақалалар жарық көрді. Хабар, Қазақстан, Отырар, Евразия телеарналарында қаланың су-кәріздік шаруашылығының өзекті мәселелері туралы 100-ден аса бейнесюжеттер көрсетілді. Тоқсан сайын қоғамдық ұйымдар, үй және көше комитеттері мен БАҚ өкілдеріне арналған пресс-турлар өткізіледі.

Инвестициялық бағдарламаны орындау. Сумен жабдықтау және суды бұру жүйесін қайта жаңарту мен жаңғыртуға инвестицияларды тарту мақсатында 2009-2018 жылдар аралығындағы кезеңге Еуропалық қайта құру және даму банкімен 13 жыл мерзімге **13,6 млрд теңге** жалпы сомаға 5 келісімшартқа қол қойылған. Барлығы 2018 жылы **4 253,8 млрд теңге** жұмсалды. Оның ішінде ең көп қаражат су-кәріздік шаруашылықтың тозған ғимараттары мен құрылыстарын салуға және қайта жаңартуға (830,6), сумен жабдықтау желілерін қайта құруға (1648,9), кәріз желілерін қайта жаңарту, жөндеу және шаюға (768,02), арнайы техника мен жабдықтарды сатып алуға (339,5) жұмсалды.

Нақтылап атап өтейік. Су қабылдайтын қондырғыларда 13 сорғылар мен жұмсақ старттық басқару шкафтарын (шкафы управления плавного спуска) ауыстырумен арындатқыш бекеттері жаңартылды. Бұл әрбір ұңғымадағы электр энергиясының 30%-ға азаюына және гидравликалық соққылардың жойылуына, сондай-ақ QJ 650-18-65 маркасының тиімді сорғыларына қажетті қысымды тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жоспарына сәйкес, «Ақбай-Қарасу» су қабылдағышының диспетчерлік ғимаратының жылу жүйелері қайта жаңартылды, мұнда «жасыл» технология бойынша «судан-суға» типтегі жылу сорғысы орнатылды. Жылыту маусымында 122000 кВт үнемделеді.

Электр энергиясын тиімді пайдалануға жұмсалған инвестициялардың нәтижелері.



- Электр энергия шығынның үнемдеуінің шартты экономиясы
- Өндірілген судің бірлігіне электр энергиясының нақты шығыны

Нақты мөлшерлеменің (удельная норма) 0,87-ден 0,07 квт/м³-ке дейін төмендеуі келесілер арқылы жүзеге асырылды:

- электр энергиясын ұтымды пайдалануға бағытталған тиімді технологиялық шешімдерді енгізу;
- энергияны үнемдейтін жабдықтарды енгізу;
- барлық сорғы-энергетикалық жабдықтардың техникалық сараптамадан өтуі;
- 83 энергияны қажет ететін сорғылардың аса үнемді, танымал компаниялар («GRUNDFOS», «ODESSA» және қытайлық компаниялар) сорғыларына ауыстырылуы;
- сумен жабдықтау желісінде шамадан тыс су қысымын болдырмау үшін 39 бақылау пунктін қадағалау арқылы сумен жабдықтау жүйелерінің оңтайлы жұмысын бақылау жүйесінің енгізілуі. 140 су қысымды реттегіш орнатылды.


Су құбырларына қысымды реттегіштер (155 бірлік) орнатылды, олар апаттарды азайтуға, артық қысымның төмендеуіне, жоғары деңгейдегі қысым деңгейін қажетті деңгейге көтеруге, су құбырларындағы апаттардың жойылуына жұмсалатын шығындарды реттеуге және азайтуға мүмкіндік береді.

Жер бедеріне байланысты Ақбай-Қарасу су қоймасынан қалаға дейін жиналған ауаны сыртқа шығару үшін ауа жинау үшін израильдік «Бермад» компаниясынан 25 дана вантуз орнатылды. Олардың көмегімен құбырдың жоғарғы белгілерінде жинақталған ауа босатылады, бұл өз кезегінде судың жылдамдығын жақсартады. Вантуздарды орнатқаннан кейін, қалаға су құбырлары арқылы кіретін су көлемі 237,1 мың.м³ артты.

Шығын деңгейін төмендету(%), сумен жабдықтау желісін қайта құру және жаңарту (км) үшін жұмсалған инвестициялар нәтижелері

Шымкент қаласындағы су құбырларының жалпы ұзындығы 5035 км құрайды:

1. Шымкент қаласының 2011-2018 жылдарға арналған даму бағдарламасының аясында 3153 км су құбыры желісі салынды;
2. «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-ің теңгерімінде 1 882 км сумен жабдықтау желілері құрайды, оның ішінде «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і есебінен ескі су құбыры желілерінің 947 км қайта құрылды.



2001-2018 жылдар аралығында дейін инвестицияларды пайдалану есебінен диаметрі 32 мм-ден 600 мм-ге дейінгі сумен жабдықтау желілерін қайта құрылды, оның ішінде ЕҚДБ есебінен – 293,8 км. Нәтижесінде:

- 100 км-ға дейінгі апаттылық 30%-ға төмендетілді;
- тұтынушыларға үздіксіз су беру қамтамасыз етілді;
- апаттық-қалпына келтіру жұмыстарына кететін шығын 30%-ға төмендеді;
- нормативтік-техникалық ысыраптар 38,1%-дан 16,08%-ға дейін төмендеді;
- электр энергиясының нақты нормасы 0,87-ден 0,07 кВт/текше метрге дейін төмендеді;

- сумен жабдықтау жүйесінің тозу дәрежесі 68,0% -дан 33,9% -ға дейін, ал кәріздік жүйлердің тозу дәрежесі 72,0% -дан 59,9% -ға дейін төмендеді;
- сумен жабдықтау желілерінің апаттылығы км-ге/1,1 жағдайда км-ге/0,31 жағдайға төмендеді.

Мобильді топтардың көлік құралдарының қозғалысына бақылау жүргізу үшін 28 бірлік техникаға Ruptela ECO4 /4+ JPS навигаторлары орнатылды. Аталмыш JPS навигаторларын орнатқаннан есептелген жүгіріс (расчетный пробег) әрбір көлік бойынша 30 км-ге қысқартылды. Сондай-ақ, жабдықтардың барлық түрлерінде 4-ші буын итальяндық өндірісінің газ- баллон жабдығы орнатылды. Нәтижесінде жанар-жағар майдың шығыны 30%-ға дейін төмендетілді.

Жөндеу жұмыстарынан кейін жол бетін жылдам қалпына келтіру үшін арнайы асфальт төсегіш сатып алынды. Оның жолдың бетін жөндеу жылдамдығы жоғары және жолдың беткі қабатын қалпына келтірудің шығындарын айтарлықтай төмендетеді. Сондай-ақ, асфальт төсегішті пайдалану жол жабындысының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-ң 2018 жылға (млн.теңге) негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері

№	Атауы	Сома, млн.теңге
1	Кіріс	7521
2	Шығын	6169
3	Пайда	1352
4	Амортизациялық аударымдар	2113
5	ҚР Үкіметінің субсидиялары	735
6	Еуропалық қайта құру және даму банкінің қарыз қаражаты	2054
7	Инвестициялық бағдарламаның көзі, барлығы, оның ішінде	6254
8	Қарыз қаражатты қайтару	1916
9	Қарыз қаражатына сыйақы төлеу шығыстары	123
10	Инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру үшін	4214
11	Негізгі құралдар	45336

2018 жылы сумен жабдықтау қызметтеріне арналған тарифтік сметаның өзіндік құнының үлесі (млн. теңге)

Салық - 14%, күрделі жөндеу - 3%, сыйақы төлеу және негізгі қарызды өтеу - 27%, суды тасымалдау - 7%, автокөлік қызметтері - 2%, энергия - 2%, негізгі қорларды қалпына келтіру - 23%, жалақы - 4%, контролер қызметтері - 5%, ағымдағы эксплуатация - 11%, басқа да өндірістік шығындар - 2%.

2018 жылы суды бұру қызметтеріне арналған тарифтік сметаның өзіндік құнының үлесі (млн. теңге)

Салық - 20%, күрделі жөндеу - 9%, сыйақы төлеу және негізгі қарызды өтеу - 34%, суды тасымалдау - 8%, автокөлік қызметтері - 2%, жалақы - 3%, энергия - 4%, контролер қызметтері - 7%, ағымдағы эксплуатация - 11%, басқа да өндірістік шығындар - 2%.

Шымкент қ. бойынша 2018 жылы орташа бір адамға сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне есептелген соманың мөлшерінің талдауы

Есептелінген сомалар мөлшерінің шегі, теңге/айына	Абоненттердің орта жылдық саны (отбасы)	Орташа айлық есептелінген сома, мың теңге	1 абонентке есептелінген орташа айлық сома (отбасы, теңге)	Орта жылдық адам саны	1 адамға есептелінген орташа айлық сома, теңге	Төлеушілер %-бен
400 теңгеге дейін	103915	118140	1137	519860	227	64,2
400 теңгеден 600 теңгеге дейін	38686	73070	1889	150099	487	18,5
600 теңгеден 800 теңгеге дейін	19729	43337	2197	63140	686	7,8
800 теңгеден жоғары	31770	113821	3583	77125	1476	9,5
Барлығы	194100	348368	1795	810224	430	100

Сумен жабдықтау және кәріз желілерінің тозу деңгейінің жоғарылығына қарамастан, 2019 жылдың 1-қаңтарынан бастап сумен жабдықтау және кәріздік қызметтерге тарифтер 10%-ға төмендетілді.

2019-2021 жылдардағы ұзақ мерзімді жоспарлар

- Сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту - 52 км;
- Кәріз желілерін қайта жаңарту - 6,6 км;
- Тозған сорғыларды үнемді сорғыларға ауыстыру - 70 дана;
- 6 кВ-тық электр желілерін және 3 бірлік трансформаторлық қосалқы станцияларды қалпына келтіру;
- Сумен жабдықтау процестерін цифрландыруды аяқтау;
- Нәтижесінде:
 - электр энергиясын тұтынудың нақты жылдамдығын - 0,06 кВт/м3-ге дейін;
 - нормативтік-техникалық ысыраптар - 15,45%-ға дейін;
 - су құбырының тозу дәрежесін 31,2%-ға дейін және кәріз жүйелерінің 57%-ға дейін төмендеуі күтілуде.

Халықты тұрмыстық-ауыз сумен жабдықтауды үздіксіз және сапалы қамтамасыз ету, сарқынды суды уақтылы бұру және тазарту су арнасының үзіліссіз, шығынсыз қызметіне байланысты. Әрине, халыққа адал қызмет ету, оның сенімін ақтау үшін мекеме қызметкерлері бар күш-жігерін аямай жұмсайды, жүктелген маңызды міндетті абыроймен атқарады.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің баспа сөз қызметі